КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 6 қазан №5165-25-00-2/2540 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Павлодар облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «Береке» Аякөз Ермахан қизи Басыбек

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Павлодар облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Береке» Аякөз Ермахан қизи Басыбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Береке» Аякөз Ермахан қизи Басыбектен мемлекет пайдасына 194,08 (бір жүз тоқсан төрт теңге 8 тиын) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 972 (бір мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 06.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2025, судья Чингиспаева К. С., 17.11.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

5165-25-3-1/2439